

# КЕҢЕС-АУҒАН СОҒЫСЫ 1979-1989 жж



1979

1989


[www.ZHARAR.com](http://www.ZHARAR.com)



# Сабақтың мақсаты:

**Оқушыларға Ауған соғысы жайлы толық мәлімет беру,  
ардагер ағалармен ашық әңгімелесу, сұхбаттасу;  
Өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары,  
қайсар жауынгер ағалардың ерлігін үлгі ету;  
Ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына  
тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу,  
оқушыларға патриоттық тәрбие беру.**











# Кеңес әскерлері - Ауғанстанда











# Ауған соғысының қанды шайқастары



**ПРОВИНЦИЯ ГЕРАТ, КАНДАГАР,  
БАГРАМ,  
КОСТ, ПАНДЖШЕР, РЕГИСТАН,  
МАРАВАР.**

# Соғыс туралы мәліметтер:

**Ауған соғысы 1979 жылдың 27 желтоқсанында КСРО қарулы күштерінің Ауғанстанға басып кіріп, оның ішкі істеріне қол сұғуы салдарынан тұтанған соғыс. Соңы аяқталмас соғысқа ұласқан бұл қасірет елдің тек өз ішінде ғана емес оған сырт мемлекеттердің қатысуымен ұзаққа созылды.**

**Бұл соғыстың абырой әпермейтінін түсінген Кеңес үкіметінің басшылары Ауғанстандағы барлық әскерді екі жылдың ішінде алып шығу туралы бір шешімге келді.**

# Статистикаға сүйенсек:

- 10 жылға созылған Ауған соғысында КСРО бойынша қайтып оралмаған жалпы адам шығыны – 14453 - ке жетті.
- Ал Қазақстаннан Ауған соғысына 23000 адам қатысып, олардың 761 - і қаза тапты, 21 адам хабарсыз кетті.
- 1000 жауынгерден астам өз жеріне оралып, алған түрлі дене жарақаттарының кесірінен ауырып қаза болды.

**Ақпанның 14 - інде КСРО әскерлерінің Ауғанстан жерінен шыққанына 26 жыл болады. Ауғанстанға армияны енгізу туралы шешім 1979 жылдың 12 желтоқсанында Кеңестер Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Саяси бюросының отырысында қабылданып, аса құпия қаулымен бекітілді. Қызыл Армияның шектеулі континенті он жыл бойы ауған халқымен бірге соғыс әрекеттерін жүргізді. Ауғанстан жерінде интернационалдық борышын атқарған Қызыл Армия жауынгерлерінен басқа да, көптеген қауіпсіздік қызметінің және ішкі істер органдарының қызметкерлері де болды.**

**1986 жылдың ақпанында болған КОКП ХХҮІІ съезінде М. Горбачев әскерді кезең - кезеңге бөліп, ауған жерінен шығару керектігін мәлімдеді. 1989 жылы ақпанның 14 күні КСРО – ның соңғы әскери бөлімі Кабулдан шықты.**



**Он жылға тарта созылған бұл соғыстың аяқталуы да ауыр болды. Біздің білетініміз 15 ақпан 1989 жылы 40- армияның Ауған жерінен генерал Боир Громовтың шығуы еді. Шын мәнінде оқиға басқаша болған. Соғыс бітсе де шекаралар мен негізгі құрамалар қалдырылған. Соңғы шығушы қазақстандық офицер Виктор Харичев басқарған шекарашылар. Олар ешқандай сән – салтанатсыз. Құшаққа алған гүлдерсіз Ауған жеріндегі соғыстың ақырғы нүктесін қойды. Өкінішке орай бұны әркім біле бермейді.**

ҚЫЗЫЛОРДА

СЕМЕН

АЛТЫН ЖИЛДІК ТАРА  
1949 - 1989

АУҒАНСТАН

1979 - 1989



АУҒАН СОҒЫСЫ АРДАҒЕРЛЕРІНІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖИЫНЫ





